

«LauRus» бөбекжайы

# Мамандықтар әлемі



МАМАНДЫҚТАР

*Айгөлек тобы: Сагынғали Ә.Е*

2025 – 2026 оқу жылы

Бекітелген: *АТ*

Күні: 17.11.25ж

**Тақырыбы: Мамандықтар әлеміне саяхат.**

**Мақсаты:** Оқушы бойында мамандық таңдауға деген жауапкершілік қалыптастыру, өз-өзін тану аймағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп сол бағытқа қарай бағыттау.

**Міндеттері:**

- Оқушылардың мамандықтар туралы білімін қалыптастыру;
- Мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту;
- Мамандықтар туралы көзқарасын дамыту.

Барысы: Балалар, көңіл күйлеріңіз қалай?

**«Кубик»**–Балалар, сабақ жақсы көңіл-күймен басталу үшін кубик арқылы бір-бірімізді қуантып алайық. Парталарға кезекпен кубик беріледі, кубиктің әр жағында «Құшақта», «Мақта», «Тілек айт», «Шапалақ», «Қол алыс» сөздері болады. Балалар кубикті лақтырып, түскен сөзіне қарай іс-қимылды орындайды.

## **II Негізгі бөлім**

Құрметі балалар! Бүгін біз сендермен мамандық әлеміне саяхат жасамақпыз. Сендердің барлығыңда да болашақта «кім боламын?, қандай мамандық таңдаймын? қай мамандық иесі боламын?» деген сұрақтар мазалайтыны белгілі. Әрине мамандық таңдау – үлкен жауапкершілікті іс. Әлемде мамандық түрлері өте көп болғандықтан, сендер үшін таңдау жасау өте қиын. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ қандай мамандық болмасын оның өзіндік ерекшеліктері, талаптары болады.

**«Дұрыс-бұрыс»**

**-Балалар, кәзір мен сендерге мамандық және оның жұмыстарын айтамын, егер мамандық пен жұмыс сәйкес келсе, 2 рет шапалақтайсындар, егер олар сәйкес келмесе, 1 рет шапалақтайсындар.**

Қойшы балаларды оқытып жүр;

Жүргізуші машина жүргізеді;

Аспазшы үй салып жүр;

Жазушы хат, газеттер тасып жүр;

Мұғалім балаларды емдеп жүр;

Дәрігер етік тігіп отыр;

Ұшқыш әдемі киім тігеді;

Өрт сөндіруші өртті сөндіреді;

Суретші сахнада ән айтып отыр;

Мүсінші мүсіндер жасап жатыр.

### Жалғау» әдісі



Балалар мамандық пен оның жұмысына сәйкес келетін заттарды қыстырғыш арқылы барлығына бөліп, қыстырып шығады.

### III Қорытынды

#### Рефлексия.

«Киіз үй» әдісі арқылы бүгінгі өткен сабақ жайлы қорытынды түзеді.

-«Сары жүрек» сабақ ұнамады.

-«Көк жүрек» сабақ орташа деңгейде өтті.

-«Қызыл жүрек» сабақ өте қатты ұнады.